

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 4 (90), 2024

Алматы, 2024

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 4 (90), 2024

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№4 (90), 2024 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.ғ.д., проф. Абишева С.Д.

Бас редактордың орынбасары:
филол. ғ. д., проф. Есенова К.У.

Ғылыми редактор:
PhD, қауымд. проф. м.а. Сабирова Д.А.

Редакциялық алқа:
филол. ғ. к., қауымд. проф. Жиренов С.А.
филол. ғ. к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.
филол.ғ.д., проф., Эл-Фараби ат. ҚазҰУ

Джолдасбекова Б.У.
пед.ғ.д., проф., эл-Фараби ат. ҚазҰУ

Салханова Ж.Х.
филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ

Кыянова Ж.К.
PhD, қауымд. проф.м.а., Т. Жүргенов ат.
Қазақ ұлттық өнер академиясы

Жалалова А.М.
филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай
мемлекеттік университеті

Алексеев П.В. (Ресей)
филол. ғ.д., проф., Ресей халықтар
достығы университеті

Бахтикереева У.М. (Ресей)
филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур
университеті Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Джордж Вашингтон
университеті Роллберг П. (АҚШ)
PhD, проф., Орталық Ланкашир
университеті

Табачникова О.М. (Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

Техникалық хатшы:
филол.ғ.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2024

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 30.12.2024 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,1 е.б.т.
Тапсырыс 173.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Arkhangelskaya A. Magical gesture in the sign cultural and national space of Ukrainian and Russian phraseology..... 5

Архагельская А.М. Украин және орыс фразеологизмдерінің символдық-мәдени және ұлттық кеңістігіндегі сикырлы кимыл

Архагельская А.М. Магический жест в знаково-культурном и национальном пространстве украинской и русской фразеологии

Адибаева Ш.Т., Казабеева В.А. Классификация триггерных тем. К вопросу проведения судебной лингвистической экспертизы..... 15

Адибаева Ш.Т., Казабеева В.А. Трэггерлі тақырыптарды сыртқылау. Соттық лингвистикалық сараптама жүргізу мәселесіне қатысты

Adibayeva S., Kazabeyeva V. Classification of trigger topics. The issue of conducting forensic linguistic expertise

Кенжегалиева М.К. Көптілділік жағдайында жастар арасында қазақ тілін қолдану динамикасының өзгеруі..... 22

Кенжегалиева М.К. Изменение динамики использования казахского языка среди молодежи в условиях полиязычия

Kenzhegaliyeva M. Changes in the dynamics of the use of the Kazakh language among young people in the context of multilingualism

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Абишева С.Д., Атембаева Г.А., Хавайдарова М.М. Образ Казахстана в художественной литературе..... 34

Абишева С.Д., Атембаева Г.А., Хавайдарова М.М. Көркем әдебиеттегі Қазақстан бейнесі

Abisheva S., Atembayeva G., Khavaidarova M. The image of Kazakhstan in fiction

Бисенғали З.-Г.Қ., Жолдасқалиқызы Ә. «Даңқ пен дақпырт» романындағы дәуір шындығы..... 41

Бисенғали З.-Г.Қ., Жолдасқалиқызы А. Реалии эпохи в романе «Известность и молва»

Bisengali Z.-G., Zholdaskalikyzy A. The realities of the era in the novel «Fame and rumor»

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки» №4 (90), 2024 г.

Периодичность – 4 номера в год. Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. Есенова К.У.
Научный редактор
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Джолдасбекова Б.У.
д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Салханова Ж.Х.
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Кнынова Ж.К.
PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени Т. Жургенова Жалалова А.М.
д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский государственный университет Алексеев П.В. (Россия)
д.филол.н., проф., РУДН Бахтикерева У.М. (Россия)
д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский университет Киклевич А.К. (Польша)
PhD, проф., Университет Джорджа Вашингтона Роллберг П. (США)
PhD, проф., Университет Центрального Ланкашира Табачникова О.М. (Великобритания)

Ответственный секретарь:
PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2024

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации РК 8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.12.2024.
Формат 60x84 1/8. Объем 15,1 уч.-изд.л.
Заказ 173.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Герчинска Д. Казахстанско-польские литературные связи: исследование взаимовлияния и культурного обмена..... 46

Герчинска Д. Қазақстан-Польша әдеби байланысы: өзара әсері және мәдени қарым-қатынасты зерттеу
Gierczyńska D. Kazakh-Polish literary relations: a study of mutual influence and cultural exchange

Казтаева А.К., Токшылыкова Г.Б. Өмір тарихтың өзінен алынған туынды..... 53

Казтаева А.К., Токшылыкова Г.Б. Художественное произведение, рожденное самой историей жизни
Kaztayeva A., Tokshylykova G. A work of art, born from the very history of life

Нурақбаева А., Мәтбек Н. Қазақ прозасындағы микрожанрлардың жанрлық ерекшеліктері..... 59

Нурақбаева А., Мәтбек Н. Жанровые особенности микрожанров в казахской прозе
Nurakbayeva A., Matbek N. Genre characteristics of microgenres in Kazakh prose

Оспанов Е.Т., Мергенбаева А. Е. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінде фольклорлық символиканы қолдану: психолінгвистикалық аспектілері..... 65

Оспанов Е.Т., Мергенбаева А. Е. Использование фольклорной символики в современной казахской детской литературе: психолінгвистические аспекты
Ospanov Y., Mergenbayeva A. The use of folklore symbols in modern Kazakh children's literature: psycholinguistic aspects

Тлеубекова Б.Т. Көркем шығармалардағы элеуметтік мәселе..... 78

Тлеубекова Б.Т. Социальная проблема в произведениях искусства
Tleubekova B. Social problem in works of art

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Оспанов Е.Т., Жетписов Е.Ж. Орта мектепте фольклорлық шығармаларды жасанды интеллект арқылы оқыту әдістемесі (5-7 сынып)..... 84

Оспанов Е.Т., Жетписов Е.Ж. Методика преподавания фольклорных произведений с использованием искусственного интеллекта в средней школе (5-7 классы)
Ospanov Y., ZhetpisoV Y. Methodology for teaching folklore works using artificial intelligence in secondary schools (grades 5-7)

**Abai Kazakh National
Pedagogical University
BULLETIN
№4 (90), 2024**

Editor-in-chief

*Doctor of Philological Sciences, Professor
Abisheva S.*

Deputy Editor-in-chief

*Doctor of Philological Sciences, Professor
Essenova K.
Scientific Editor
PhD, Associate Professor Sabirova D.*

Editorial board

*Candidate of Philological Sciences, Associate
Professor Zhirenov S.*

*Candidate of Philological Science, Associate
Professor Satemirova D.*

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
Al-Farabi Kazakh National University*

Dzholdasbekova B.

*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor,
Al-Farabi Kazakh National University*

Salkhanova Zh.

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
Kazakh National Women's Teacher Training
University Kiynova Zh.*

*PhD, Associate Professor, T. Zhurgenov
Kazakh National Academy of Arts*

Zhalalova A.

*Doctor of Philological Sciences, Associate
Professor, Gorno-Altaysk State University*

Alekseyev P. (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
RUDN Bakhtikireeva U.* (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
University of Warmia and Mazury*

Kiklewicz A. (Poland)

*PhD, Professor, George Washington
University Rollberg P.* (USA)

*PhD, Professor, University of Central
Lancashire Tabachnikova O.* (The United
Kingdom)

Executive Secretary

PhD, Associate professor Serikova S.

Technical Secretary

*Candidate of Philological Sciences, Associate
professor Osmanova Z.*

©Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2024

Registered
in the Ministry of Culture and Information of the
Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No 10109-Zh/Ж

Signed in print 30.12.2024
Format 60x84 1/8. Volume 15,1
teaching and publishing lists.
Order 173.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU
Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Umarova A. CLIL technology in teaching Russian language
to students-historians at a pedagogical university..... 90

Умарова А.Б. Педагогикалық жоғары оқу орнында
тарихшы-студенттерге орыс тілін оқытуда CLIL
технологиясы

Умарова А.Б. CLIL в обучении русскому языку
студентов-историков в педагогическом вузе

**ЖУРНАЛИСТИКА
ЖУРНАЛИСТИКА
JOURNALISM**

Мадиев С., Шарапиева Р. Интерактивті ортадағы баспа
өнімдері: дәстүрлі және жаңа медиа байланысы..... 97

Мадиев С., Шарапиева Р. Печатная продукция в
интерактивной среде: традиционные и новые
медиакоммуникации

Madiyev S., Sharapiyeva R. Printed products in an
interactive environment: traditional and new media
communications

**АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ
TRANSLATION STUDIES**

Мукашева А.А. Аударма ісіндегі заң терминдерінің
лингвомәдени және құқықтық ерекшеліктері..... 103

Мукашева А.А. Лингвокультурные и правовые
особенности юридических терминов в переводческом
деле

Mukasheva A. Linguocultural and legal features of legal
terms in translation

Біздің авторлар..... 115

**Наши авторы
Our authors**

5. Sharabasov S. (2001). *Kazakh adebietindegi angime zhanry [The genre of short stories in Kazakh literature]*. Almaty: Olke [in Kazakh]
6. Guimares J. F. N. (2012). *The short-short story: A new literary genre*. Strategic Book Publishing.
7. Elubai G. (2023). *Zhuz zhetinshi koktem [The 107th spring]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh]
8. Bektas G. (2023). *Galymbek Elubai: Menin angimelerim eshkimnin uakytyн urlamaidy [Galymbek Elubai: My stories do not steal anyone's time]*. Retrieved from <https://aikyn.kz/250662/galymbek-elubai--menin--n-gimelerim-eshkimnin--uak-ytyн-u-rlamaydy> [in Kazakh]
9. Konys L. (n.d.). *Angimeler [Stories]*. Retrieved from <https://madeniportal.kz/article/2483>
10. Abikenuly E. (2014). *Ministr [The Minister]*. Almaty: Tañbaly [in Kazakh]

GTAMP 17.82.93

10.51889/2959-5657.2024.90.4.010

Оспанов Е.Т.¹, Мергенбаева А.Е.^{2*}

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан, Алматы

e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com

*e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИМВОЛИКАНЫ ҚОЛДАНУ: ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі фольклорлық символикалар және олардың психолінгвистикалық аспектілері қарастырылады. Фольклорлық символика- мәдениетімізді дәріптейтін бұрынғы символдар мен бейнелердің көмегімен терең мағыналы ойларды астарлап жеткізу арқылы жас ұрпаққа берілетін құнды құрал. Зерттеу кезінде фольклорлық элементтердің когнитивті, тілдік және психологиялық жағынан алалардың дамуына әсері талқыланды. Фольклорлық символиканың балалардың қиялын, сөздік қорын және тәрбиесін дамытуға ықпалын көрсету зерттеудің басты мақсаты болып табылады.

Балалар шығармаларында қолданылатын символдар балаларға негізгі өмірлік принциптерді түсінуге және қабылдауға көмектеседі, олардың сөздік қорын кеңейтеді және бейнелі ойлауды дамытады. Қазіргі авторлар фольклорлық элементтерді өз шығармаларына біріктіре отырып, мәдени дәстүрлердің сабақтастығын сақтайды және балалардың ата-баба мұрасына деген қызығушылығын сақтайды.

Түйін сөздер: фольклор, психолінгвистика, символизм, дәстүр, мәдениет, ертегілер, бейнелер

Оспанов Е.Т.¹, Мергенбаева А.Е.^{2*}

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Алматы, Казахстан

e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com

*e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФОЛЬКЛОРНОЙ СИМВОЛИКИ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Аннотация

В данной статье рассматриваются фольклорные символы в современной казахской детской литературе и их психолінгвистические аспекты. Фольклорная символика-ценный

инструмент, который передается молодому поколению путем передачи глубоко значимых мыслей с помощью символов и образов прошлого, прославляющих нашу культуру. В исследовании обсуждалось влияние фольклорных элементов на развитие детей когнитивно, лингвистически и психологически. Основной целью исследования является демонстрация влияния фольклорной символики на развитие воображения, словарного запаса и воспитания детей. Символы, используемые в детских произведениях, помогают детям понять и принять основные жизненные принципы, расширить словарный запас и развить образное мышление. Современные авторы, интегрируя в свои произведения элементы фольклора, сохраняют преемственность культурных традиций и сохраняют интерес детей к наследию предков.

Ключевые слова: фольклор, психолингвистика, символизм, традиции, культура, сказки, образы

Ospanov Y.T.¹, Mergenbayeva A.E.^{2}*

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University

Almaty, Kazakhstan

e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com

**e-mail: mergenbayeva00@bk.ru*

THE USE OF FOLKLORE SYMBOLS IN MODERN KAZAKH CHILDREN'S LITERATURE: PSYCHOLINGUISTIC ASPECTS

Abstract

This article examines folklore symbols in modern Kazakh children's literature and their psycholinguistic aspects. Folklore symbols are a valuable tool that is passed on to the younger generation by transmitting deeply meaningful thoughts through symbols and images of the past that glorify our culture. The study discussed the influence of folklore elements on children's development cognitively, linguistically and psychologically. The main purpose of the study is to demonstrate the influence of folklore symbols on the development of imagination, vocabulary and upbringing of children. Symbols used in children's works help children understand and accept the basic principles of life, expand their vocabulary and develop imaginative thinking. Modern authors, integrating elements of folklore into their works, preserve the continuity of cultural traditions and maintain children's interest in the heritage of their ancestors.

Keywords: folklore, psycholinguistics, symbolism, traditions, culture, fairy tales, images

Кіріспе. Фольклор – ағылшын тілінен аударғанда халық шығармасы, халық аузынан тараған көркем шығарма, халық даналығы деген мағынаны білдіреді. Фольклор әлем халықтарының барлығында бар. Ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан асыл мұра екендігі қай халықтың болмасын өз алдына ұлт екендігін, ұлттық санасын көрсетеді. Осы ретте орыс жазушысы, әдебиетші, сыншы Б.Г. Белинский өзінің зерттеулерінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмашылығын көрсетіп, ауыз әдебиетінің өте ертеден келе жатқан халықтың ой-санасының жемісі екендігін көрсетеді. Бұл түсініктің нақтылығы мен шынайылығына тоқталатын болсақ, әлемнің жаратылуы мен күйреуі туралы мифтік ұғымдарға тоқталуымызға болады. «Әлемдік мифологияның басты тақырыбы — дүниенің жаратылуы мен күйреуі, басты кейіпкері жасампаз қаһарман мен құдайлар, адамдар екен де, басты сипаты — біркелкілігі болып шықты. Қазақ мифологиясы да осы тектес. Мұнда да әлемнің жаратылуы мен күйреуі баяндалады, жасампаз қаһармандар да, адамдар да құдай да әрекет жасап жатады. Алайда, бұдан әлемдік мифология барлық халықта, барлық уақытта бірдей болған, еш өзгеріске түспеген деген тұжырым тұмайды. Керісінше, ол әр дәуірдің рухына сәйкес, әр халықтың өмір салты мен тұрмыс-тіршілігімен байланысты туып, қоғамның әр кезеңіне қатысты өзгеріп отырған. Сол себепті әлемдік мифологияны тарихи-стихиялық, әрі салыстырмалы-типологиялық әдіспен зерттеу нәтижелі болмақ» [1, 299–300].

Балалар фольклоры – халық фольклорының арналы салаларының бірі. Ол халықтың дәстүрлі бала тәрбиесінің негізінде туып қалыптасқан, ауқымы кең көркем шығармалар шоғырынан тұрады. Мазмұны ғибратты, тілі көркем, жеңіл жатталатын, ғасырлар бойына халық даналығына, тәжірибесіне суарылған Қазақ балалар фольклоры балалардың мінез-құлқын, көркемдік талғамын танытатын, шығармашылық қуат көзін ашатын асыл мұра. Ол өзінің бала табиғатына лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, музыкалық әуенімен, өнегелі мазмұнымен, ойнақы жеңіл түрімен, нәрлі тілімен балалардың рухани азығына айналған тәрбие қайнары болып табылады.

Қазіргі қазақ балалар әдебиеті фольклорлық символикалар қолдану арқылы ұлттық дәстүрлер мен мәдени құндылықтарға деген қызығушылықтың жандануын бастан кешуде. Бәйтерек, мифтік жаратылыстар мен сиқырлы заттар сияқты фольклордан шабыттанған бейнелер жас оқырмандарға өз халқының дәстүрлері мен тарихы туралы түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Бұл элементтер баяндауды безендіріп қана қоймайды, сонымен қатар танымдық қабілеттер мен эмоционалды қабылдауды дамытуда маңызды рөл атқарады. Психолінгвистикалық талдау символизмнің балаларға қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге, олардың ассоциативті ойлауын жақсартуға және сөздік қорын байытуға мүмкіндік береді. Фольклорлық символизм дәстүр мен қазіргі заман арасындағы көпірді құруға көмектеседі, балалардың қабылдауын байытады және ұлттық бірегейліктің дамуына ықпал етеді. Жаһандану жағдайында мұндай символдарды қолдану мәдени бірегейлікті сақтаудың маңызды элементіне айналады. Бұл зерттеу фольклорлық символдардың балалардың дамуына және олардың әдеби мәтіндерді қабылдауына әсерінің психолінгвистикалық аспектілерін анықтауға бағытталған.

Фольклорлық символиканың ерекшелігі – ол тек танымдық қана емес, эмоционалды әсерге де ие. Жануарлар, табиғат құбылыстары мен тұрмыстық заттар бейнесінде жасырылған символика баланың ішкі әлеміне психологиялық тұрғыдан жақын, түсінікті болып келеді. Оған қоса, фольклорлық образдардағы терең мәндер мен ұлттық ерекшеліктер ұрпақтың танымдық қабілетін арттырып, туған жерге, ана тілге деген құрмет сезімдерін оятады.

Психолінгвистикалық аспектіде фольклорлық символиканың қолданылуы балалардың тілдік дағдыларын дамытып қана қоймай, оларды логикалық ойлауға, бейнелі ойлауға және шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Мысалы, балаларға арналған ертегілердегі дәстүрлі образдар мен ұғымдар баланың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, оларды өздерінің сезімдік және психологиялық жағдайларымен байланыстыра алады.

Осы зерттеуде қазіргі қазақ балалар әдебиетінде қолданылатын фольклорлық символиканың мәні мен рөлі талданады. Психолінгвистикалық тұрғыдан талдау жасау арқылы, біз бұл символиканың бала психологиясына және тілдік дамуына қалай әсер ететінін анықтаймыз.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу материалдары фольклорлық символдарды белсенді қолданатын заманауи қазақ балалар шығармаларын қамтыды. Қазақ мифтеріне, аңыздары мен дәстүрлеріне (мысалы, Бәйтерек, мифтік жаратылыстар, сиқырлы заттар) байланысты бейнелері бар мәтіндерге басты назар аударылды. Мектеп жасындағы балалар арасында танымал және мұғалімдер мен әдебиеттанушылар ұсынған шығармалар таңдалды. Бұл әдістер фольклорлық символизмнің психолінгвистика тұрғысынан балалардың дамуына қалай әсер ететінін жан-жақты түсінуге мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысымызда талдау, саралау, баяндау, талқылау әдістері қолданылды.

Бұл тақырып бойынша зерттеу жүргізгенде, бірнеше негізгі әдістерді қолдануға болады. Әр әдіс фольклорлық символиканың психолінгвистикалық аспектілерін ашуға, балалар әдебиетіндегі әсерін талдауға мүмкіндік береді. Мазмұндық талдау әдісі арқылы қазіргі қазақ балалар әдебиетінде қолданылатын фольклорлық символдарды жүйелі түрде зерттеуге болады. Мәтіндерден әр түрлі фольклорлық образдар мен символдарды тауып, олардың әдебиеттегі мәнін, рөлін анықтап, балалардың танымына қалай әсер ететінін талдауға

мүмкіндік береді. Салыстырмалы талдау әдісі - әр түрлі мәдениеттердегі фольклорлық символиканың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтап, қазақ әдебиетінің балалар психологиясына қалай әсер ететінін бағалауға мүмкіндік береді. Психоллингвистикалық талдау әдісі - балалар әдебиетіндегі фольклорлық символдардың бала психикасына, эмоциялық және тілдік дамуына қалай әсер ететінін зерттеуге бағытталған. Символдарды қабылдау, оларды қолдану деңгейін талдай отырып, балалардың ойлау процесі мен тілдік дамуын анықтауға болады. Этнографиялық талдау арқылы фольклорлық элементтердің қазақ мәдениетіндегі орнын зерттеп, олардың қазіргі балалар әдебиетінде қалай қолданылатынын түсінуге болады. Осы әдіс арқылы қазақтың ұлттық құндылықтары мен дәстүрлері балаларға қалай сіңірілетіні қарастырылады.

Қазіргі авторлар ескі символдарды жаңа шындыққа бейімдеу үшін фольклорлық элементтерді жиі пайдаланады. Бұл балаларға қазіргі тіл мен контекстке бейімделген таныс белгілер арқылы өткен сабақтарды оңай қабылдауға көмектеседі. Символизм ұлттық құндылықтар мен дүниетанымды сақтау мен беруде маңызды рөл атқара отырып, дәстүрлі қазақ фольклорында орталық орын алады. Ол ауызша мәдениеттің негізін қалыптастырады, ұжымдық есте сақтауды қолдайды және халықтың бірегейлігін нығайтуға ықпал етеді.

Қазақ балалар әдебиетінде жиі кездесетін дәстүрлі фольклорлық мотивтер (мысалы, жануарлар, табиғат құбылыстары, мифологиялық кейіпкерлер) және олардың символдық мәні туралы зерттеулер ерекше құнды материалдар болып табылады. Бұл материалдарда жануарлардың, табиғаттың немесе мифологиялық элементтердің қандай рөл атқаратынын, олардың бала санасына қалай әсер ететіні талданады. Осы арқылы балалар әдебиетінде қолданылатын дәстүрлі символиканың тәрбиелік мәні айқындалады.

Психоллингвистика саласындағы еңбектер балалардың фольклорлық элементтерді қалай қабылдайтынын және оларды тілдік деңгейде қалай меңгеретінін қарастырады. Бұл материалдар балалардың фольклорлық символдарды түсіну деңгейін, олармен жасайтын ассоциацияларын және сол символдардың тілдік дамуына ықпалын талдайды. Мұндай зерттеулер фольклорлық элементтердің бала психологиясына, ойлау қабілетіне және тілдік қорына әсерін анықтауға бағытталған.

Тіл білімі және лингвомәдениеттану саласындағы материалдар балалар әдебиетіндегі фольклорлық символиканың тілдік мәнін ашып көрсетеді. Мұнда фольклорлық элементтердің мәтіндегі тілдік ерекшеліктері, олардың бала санасына әсер ету механизмдері қарастырылады. Әдеби символиканың бала тілі мен мәдениетіне қалай ықпал ететіні, оның ұлттық санаға қалай әсер ететіні осы зерттеулерде кеңінен талқыланады.

Қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихында балалар әдебиетіне әрдайым ерекше көңіл бөлініп отырған. Ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, қазіргі балалар әдебиетіне дейінгі аралықтағы мазмұндық, түрлік ізденістерді, әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесін Ш. Ахметов, Б. Ыбырайымов, Қ. Ергөбеков сияқты ғалымдар біршама зерттеді [3, 376]. Қазіргі таңда жекелеген балалар қаламгерлерінің шығармалары зерттелуде. Мерзімді басылым беттерінде жарияланған көпшілік мақала, рецензия, ғылыми мақалалар балалар әдебиетін зерттеудің назардан тыс қалмағанын көрсетеді. «Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы көркемдік ізденістер» деген мақалада Е.Мұхамәдиқызы, С.Оспанов, Ұ.Есдәулет, Ә.Қайран, Ә.Ысқақ, К.Құныпияұлы, С.Әкірамұлы сияқты ақындардың балаларға арналған шағын жанрдағы лирикалық өлеңдері талдау нысанына алынып, ондағы дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдық туралы айтылған [4, 39-51]. Баспаға ұсынылып отырған мақалада аға буын өкілдерінің қалыптастырған дәстүр сабақтастығын кейінгі буын өкілдерінің жалғастыруы таратыла сөз болған. «Artistic transformation of the female image in kazakh literature» деген мақалада [4, 653-668] (XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия жанрларына шолу жасалған болатын. Қазақ балалар әдебиетімен бірге орыс балалар әдебиеті XX ғасырда тиянақты зерттелді. Оны Дж.Хиллман, П.Нодельман, Д.Раддом сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектерінен көруге болады. «Орыс балалар әдебиетінің тарихын» зерттеген П.Антонино [5, 9], Б.Хеллман [6, 560] еңбектері балалар әдебиетіне әр дәуірде көңіл аударылып жатқанын байқатады.

Нәтижелер және талқылау. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінде фольклорлық символиканы қолдану ұлттық мәдениетті жас ұрпаққа жеткізудің маңызды тетігі ретінде көрінеді. Фольклорлық символдар мен образдар арқылы бала өз халқының мәдениеті мен дәстүрлерін терең түсініп, қазақ халқының құндылықтарын таниды. Сонымен қатар, бұл символдар баланың психологиялық және тілдік дамуына ықпал етеді: халықтық бейнелер арқылы бала ойлау қабілетін жетілдіріп, ана тілінің тереңдігін меңгереді. Әдебиеттегі фольклорлық символиканың психолінгвистикалық тұрғыдан әсерін зерттеу – балалардың ұлттық сана-сезімін оятып, мәдени бірегейлігін нығайтуға септігін тигізетін өзекті бағыт. Б. Шалабай мен Г.Ж. Исакова (2023) лингвистикалық тұлғаның маңыздылығын көрсете отырып, көркем мәтіндердегі автордың модальділігі мен бейнесін зерттейді. Б.Е. Ахмер, Ж.Ә. Аймұхамбет, А.А. Мирзахметов (2024) поэзиядағы көркем бөлшектердің рөлін талдайды, олардың автордың философиялық және психологиялық жағдайын жеткізудегі маңыздылығын атап көрсетеді. Көркем мәтіндердегі лингвистикалық тұлға деңгейлерін көрсетуге, автордың лингвистикалық сәйкестігін дамытатын когнитивті құрылымдар мен прагматикалық бірліктерді талқылауға баса назар аударылады. Г.К. Аюпова, К.Е. Тілеш (2022) лингвистикалық және поэтикалық аспектілерді қарастыра отырып, көркем мәтіндердегі стиль құбылысын зерттейді. Олар стильдің табиғатын және оның лингвистикалық стильдегі маңыздылығын көрсетеді. Осы зерттеулердің барлығы көркем мәтінді талдаудың психолінгвистикалық аспектілерін тереңірек түсінуге ықпал етеді, автордың дауысының, тілдік тұлғасының және стилистикалық ерекшеліктерінің рөлін көрсетеді.

Ал фольклорлық символизм-ауызша халықтық дәстүрде қолданылатын бейнелер, белгілер мен метафоралардың жиынтығы. Ғасырлар бойы қалыптасқан бұл символикалартерең мәдени тарихи мағынаға ұжымдық тәжірибені, құндылықтарды және дүниетанымды жеткізу тәсілі ретінде қызмет етеді.

Б.У. Әзібаева (2023) Фольклорлық символизмді қазақ әдебиеті мен өнерінде қолдану атты зерттеуінде ежелгі мифология мен қазіргі қазақ прозасындағы түйе бейнесін зерттеп, оның өткен мен бүгінді байланыстыратын мәдени код ретіндегі рөлін ерекше атап өтеді. А.Б. Кенджакулова мен Г.М. Әлжанов (2022) ұлттық бірегейлік пен рухани құндылықтарды сақтау құралы ретінде қазіргі қазақ графикасындағы фольклорлық мотивтерді талқылайды. Р.Ж. Есбалаева (2019) қазақ әдебиетіндегі теориялық мәселелерге, әсіресе тарихи роман мен әдебиеттанудың дамуына баса назар аударады. Б.Е. Ахмер мен Ж.Ә. Аймұхамбет (2023) қазақ халқының сан ғасырлық рухани құндылықтарына сүйене отырып, мәтін құрудағы символдардың қызметін талдайды. Бұл зерттеулер фольклорлық символдар мен мотивтердің қазақ әдебиеті мен өнеріндегі ұлттық бірегейлікті, мәдени мұраны және жалпыадамзаттық адами құндылықтарды білдірудің қуатты құралы ретінде қалай қызмет ететінін көрсетеді. (Б. Шалабай мен Г.Ж. Исакова 2023; Б.Е. Ахмер, Ж.Ә. Аймұхамбет, А.А. Мирзахметов 2024; Г.К. Аюпова, К.Е. Тілеш 2022; Б.У. Әзібаева 2023; Р.Ж. Есбалаева 2019).

Фольклорлық символизм ертегілерде, аңыздарда, мифтерде, әндерде, мақал-мәтелдерде кездеседі. Г.С. Сағынадин (2022) көркем образдар арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастырудағы және танымдық қабілеттерін дамытудағы фольклордың рөлін зерттейді. Б.Е. Ахмер және Ж.Ә. Аймұхамбет (2023) поэтикалық шығармалардағы қазақтың рухани құндылықтарын символдық бейнелеуге баса назар аудара отырып, мәтін құрудағы рәміздердің қызметін талдайды. Е. Хуатбекұлы (2022) Балтабай Әділовтың балалар әдебиетіне қосқан үлесінің маңыздылығын атап өтіп, оның ертегілерін, этнографиялық әңгімелерін зерттейді. Бұл зерттеулер фольклордың, символизмнің және мәдени мұраның балалар әдебиетіндегі маңыздылығын ұжымдық түрде атап өтіп, олардың Түркітілдес әлемдегі білім берудегі, танымдық дамудағы және ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлін атап көрсетеді.

Балалар әдебиетінде бүгінге дейін дәстүрлі сабақтастығын үзбеген көне жанрдың бірі – бесік жыры. Шағын жанр қазіргі қазақ поэзиясында тұрақты түрде жалғасуда. Фольклордағы

«Бесік жыры» «Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем» деп басталса, Қ.Адис «Бесік жыры» өлеңінде: Әлди, әлди, бөбегім,

Қашан тиер көмегің?

Тез ержетіп анаңа,

Қолқанат бол, өренім!

Мақтан тұтсын сені әкең,

Үлгі тұтсын сені елің [8, 170], – деп баланың болашағына үміт артады. Фольклор мен қазіргі әдебиеттегі бесік жырының негізгі мақсат-міндеттері өзгермеген. Олардың екеуінде де бесікте жатқан баланың топ бастайтын батыр, сөз бастайтын шешен болуы көзделеді. Сөз құдіретіне түсінген халық баласын бесікте жатқаннан жақсы сөздермен тәрбиелейтін болған.

Дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан көне жанрлардың бірі – тұсаукесер. Н.Қалқаның «Тұсаукесер» өлеңі – тұсаукесер жанрының дәстүрлі жалғасы. Фольклордағы

«Қаз-қаз, балам, қаз,

балам, Қадам бассаң мәз болам» деп келетін өлең жолдарын ақын:

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,

Қадамыңды жаз, балам.

Тұсауыңды кесіп мен,

Алға бассаң, мәз болам [8, 125], – деп толықтырады. Кез-келген тұсаукесер туралы өлеңдерде балалардың әр қадамына үміт арту басым. Көне жанрдың бірі – бата-тілек болса, ақынның «Ақ бата», «Таудай бол!» өлеңі – осы қатарды толықтыратын туынды. Кішкентай баланы біреудің ала жібін аттамауға, ақпейіл, арлы болуға шақыратын өлеңнен ақынның ақ тілегі байқалады.

Балаларға арналған көне жанрдың бірі – санамақ. Бүлдіршінге бес саусақты таныстыру фольклордан жалғасып келе жатыр. Осы қалыптасқан дәстүрді ақындар жаңашылдықпен жалғастыруда. Әр саусақтың өз аты бар. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек деп аталтын бес саусақ туралы санамақтың түрлері көп. Санамақ жөнінде Ә.Табылдиев: «Санамақтарды халық, негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді», – деген болатын. К.Құныпияұлы «Санамақ» өлеңінде әр саусақты өз ерекшелігімен сипаттауға ден қойған:

Бас бармағың – бас саусақ,

Барлығына сақ саусақ.

Қаламайды ол еріншек,

Болғаныңды ақсаусақ [8, 93].

Н.Қалқа фольклордан жалғасып келе жатқан бес саусақ туралы өлеңін басқаша құрған. Ақын «Бас бармағың – ата-анаң», «Балаң үйрек – бауырың», «Ортан терек – нағашың», «Аты жоқ саусақ – достарың», «Кіші бөбек – білімің» деп өзіне жақын туыстармен, достармен түсіндіреді. «Бес саусағың – бақытың, Сонда, балам, бар құтың. Бес саусағың біріксе, текке кетпес уақытың» деген жолдардан бес саусақ біріксе талай биіктерді бағындыруға болатынын түсінеді.

Балалар әдебиетінде фольклордан жалғасып келе жатқан көне жанрдың бірі – жұмбақтар. Балалар ақындарының ішінде Қ.Елемес, С.Хасан, А.Тілеген, балаларға таныс заттардың ерекшелігін айта отырып жұмбақтайды. Мәселен, тісті екі ақын екі түрлі жұмбақтайды.

Қ.Елемес: Тілді қоршап түзілген,

Аппақ маржан тізілген [8, 109].

(Тіс)

С.Хасан: Отыз батыр қырағы,

Ауызыңда тұрады [8, 264].

(Тіс)

Бала ұғымына жақын, өздері күнде көріп жүрген таныс заттарды жұмбақтау арқылы оларды ойлануға, ой тапқырлығына жетелейді. Бұл қатарды ақынның жануарлар, құстар, көкөніс туралы жұмбақтары толықтырады. Ақын А.Тілеген Қазақстанның Түркістан, Семей, Алматы, Тараз, Жаңаөзен, Нұр-Сұлтан, Атырау, Орал, Павлодар, Арқалық, Байқоңыр, Ұлытау қалаларын «Жұмбақ қалалар» деп, әр қаланы бір шумақ өлеңмен жұмбақтаған. Мұнда әр қаланың басты ерекшелігі аталып көрсетілгендіктен, оларды табу балаларға қиындық келтірмейді.

Балалар поэзиясында дәсүрлі түрде жалғасып келе жатқан көне жанрдың бірі – айтыс. Ауыз әдебиетінде жан-жануарлардың, жеміс-жидектердің өзара айтысы талай шығармаларға арқау болған. Осы қатарды С.Қалиевтің «Жеміс-жидектердің айтысы» толықтырады. Айтысқа апорт, жүзім, өрік, қарақат, бүлдірген, таңқурай, алмұрт, шие сияқты жеміс-жидектер қатысады да, өздерінің ерекшелігін, адам баласына берер пайдасын айтып өзара бәсекеге түседі. Айтыстың шарты бойынша бір кейіпкер жеңу керек болса, мұнда бал татитын жеміс-жидектердің бәрі де жоғары бағаға ие болады. А.Тілегеннің «Инстаграм – Тик-Ток» айтысы бүгінгі заманауи әлеуметтік желілерге құрылған. Осы мәтін бойынша тәрбие сағатында ұл мен қыз екеуі айтысуына болады. Ол жөнінде автор «Айтысқа ұл мен қыз шыққан тиімді. Ұлдың үстінде инстаграмның суреті, ал қыздың үстіне тик-токтың суреті жабыстырылады. Домбыраны бір шертіп қойып, айтыса беруге болады», – дейді (Антология, 2021: 299). Өз жетістіктерін айтып мақтанған екі кейіпкер, сөз соңында балалардың бос уақыттарын тик-ток пен инстаграмға жұмсамауын сұрап, білім-ғылым алуға үндейді.

Инстаграм: Жеңді жөндеп түрелік,
Білімсіз жан – тірі өлік.
Енді ғылым-білімді,
Насихаттап жүрелік!

Тик-Ток: Қосыламын онына,
Түсем және жолыңа.
Түсірмейік баланы,
Алдамшының торына! [8, 301]

Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы жаңашылдық ақындардың метаграммалар, ойын-өлеңдер, диалог-өлеңдер, этнографиялық өлеңдерінен көрінеді. Ақындардың шығармаларынан кездесетін келесі жанр – ойын-өлеңдер. А.Естеновтің «Түстер жайлы жарыс» өлеңінде бес бала қызыл, сары, жасыл, ақ, көк түстерді бөліп алып, сол түстермен таныстырады. Балалар ойын-өлеңді жатқа айтып, өз түстерінің ерекшелігін көрсетеді.

Балалар ақыны Б.Қошым-Ноғайдың «Жеті септік» өлеңі бастауыш сынып оқушыларының білімін толықтыруға қызмет етеді. Қазақ тілі сабағынан атау, ілік, барыс, табыс, шығыс, көмектес септіктер туралы мағлұмат алған бала осы өлең арқылы білімін жетілдіріп шындайды. Әр септіктің қандай сұрақтарға жауап беретінін төмендегіше түсіндіреді:

Атау жауап береді
«Кім? Не?» деген сұраққа.
«Кімнің? Ненің?» дерегін
Іледі Ілік құлаққа [8, 17].

Ақын поэзиясынан үлкен орын алатын келесі өлеңдер – метаграммалар. Метаграммаларда алынған сөздің жалғыз дыбысын өзге дыбыстармен алмастыру арқылы бірнеше жаңа атаулар жасаған. Метаграммаларда бір дыбысты жасыру арқылы екі-үш жұмбақты шешуге болады.

Араласқан түстерді
Анықтайтын сын есім.
Бір «Қ» әрпін үсте енді,
Шаһар болмақ, Білесің.
«Қ»-ның қоссаң ал бірін,

Қолына ұста алады.

Шаһарда үйдің барлығын

Соныменен салады [8, 24].

(Ала – қала – қалақ)

Метаграммаларды тақырыбына қарай отбасына, кәсіпке, мамандыққа, шаруашылыққа арналған түрлерге бөлуге болады. Ақынның жасырып отырғаны – түс пен деректі зат. Осы сияқты «Т» дыбысын жасыру арқылы «тұзақ – ұзақ», «Қ» дыбысына құрылған «қармақ – қарма» метаграммалары бар.

Балаларға арналған шығармалардан үлкен орын алатын – жыл мезгілдері туралы өлеңдер. Ж.Шәкенұлы төрт шумақтан тұратын «Төрт маусым» өлеңінде көктем, жаз, күз, қыс маусымдарына тоқталса, «Мезгілдер» өлеңінде он екі айға сипаттама беріп, әр айдың өз ерекшелігін көрсетеді. Б.Айтмұқаева «Сәуір» өлеңінде «Келдің бе, Сәуір сұлуым – Аққудың көгілдіріндей» деп көктемнің жер дүниені құлпыртқан сәуір айын аққудың көгілдіріне теңейді. С.Намазшамова «Көктем», «Көктемнің сыйы» өлеңдерінде тіршіліктің құлпырып жандануын көктеммен байланыстырады. «Құстар ғажап ән шырқаса, Сол болады көктем әні» деген жолдардан тіршілік иелерінің бәрі де көктем келгенде керемет күйге бөленетіні байқалады. Жыл мезгілдерімен бірге жыл басы әз-Наурыз туралы өлеңдер де жетерлік. Ш.Жұбатованың «Наурыз мейрамы», Қ.Елеместің «Наурыз», Қ.Адистің «Наурыз тойы», С.Намазшамованың «Наурызкөже», «Наурыз төлі» өлеңдерінде Самарқанның көк тасы еріп, күн мен түн теңелетін, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін Наурыз мейрамының мәнмаңызы жан-жақты ашылған.

Балалар поэзиясынан көзге түсетін келесі өлеңдер – Абай поэзиясының интерпретациялануы. Қазақ ақындарының көпшілігі балаларға арналған шығармаларында Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жаңаша интерпретациялайды. Қ.Шағыр «Абай сөзі – анық сөз» өлеңінде ақын айтқан бес асыл мен бес дұшпанды өзінше талдайды. Өсек айтушыларды «Ғайбат айтып біреуге, Жаппа босқа жалаңды!» деп сынаса, өтірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақтың адам баласына тигізер зиянын тілге тиек етеді.

Е.Жеңісұлының «Мен кішкентай баламын» өлеңінде «Мен кішкентай баламын, айтқан тілді аламын» деп басталатын «Кішкентай бала» өлеңі интерпретацияланған [7]. Ақын өлеңді планшет, You-Tube, майнкрафт, смартфон сияқты әлеуметтік желімен, электронды техникалармен жаңартқан:

Мен кішкентай баламын,

